

ҚАЗІРГІ ТАҢДА КЛИЕНТТЕРГЕ САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҮШІН ҚТЖ ЖӘНЕ БІЗДІҢ КОМПАНИЯ ТАРАПЫНАН ӨЗІМІЗДІҢ ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕРІМІЗДІ ӨЗІРЛЕДІК. КЛИЕНТТЕР КОМПАНИЯ САЙТЫНДАҒЫ ЖЕКЕ КАБИНЕТКЕ КІРІП, ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ӨЗ КОНТЕЙНЕРЛЕРІНІҢ, ВАГОНДАРЫНЫҢ ҚАЙДА ТҰРҒАНЫН НЕМЕСЕ КЕТІП БАРА ЖАТҚАНЫН КӨРІП, БАҚЫЛАЙ АЛАДЫ. БІЗ БҰҒАН СИНГАПУРДЫҢ ІРІ ПОРТ ОПЕРАТОРЫ PSA КОМПАНИЯСЫН ТАРТТЫҚ, ҚАЗІР ЕКІ ТАРАПТЫҢ ЖҮЙЕЛЕРІН БІРІКТІРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДЕМІЗ. БҮГІНДЕ ЛОГИСТИКА САЛАСЫНДА ІТ ШЕШІМДЕРСІЗ ЖҰМЫСТЫ ДАМУЫТҮ ҚЫЫН.

«KTZ Express» АҚ Бас директорының логистика жөніндегі орынбасары

Айбек КАПАР,



№42 (2859)
26/05/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

НОВЫЙ ИМПУЛЬС РАЗВИТИЯ

АО «НК «ҚТЖ» и один из крупнейших мировых операторов контейнерных портовых терминалов PSA International (PSA) подписали Соглашение о создании совместного предприятия.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Документ подписан на площадке Казахстанско-Сингапурского бизнес-форума, прошедшего с участием президента Сингапурской Республики.

Работа в партнерстве с транснациональным холдингом направлена на решение одной из важных задач, поставленной Главой государства, – развитие транспортно-транзитного потенциала страны.

Опыт и технологии PSA откроют дополнительные возможности для расширения географии перевозок и интеграции казахстанских транспортных коридоров с крупнейшими мировыми хабами. Кроме того, ҚТЖ получит доступ к международной логистической платформе CALISTA.

– Казахстан получит передовые технологии логистики, а наши партнеры – выгодный бизнес в стремительно растущем регионе, – отметил председатель правления АО «Самрук-Қазына» Нурлан Жакупов.

Ключевым вектором деятельности со-



вместного предприятия станет содействие развитию Транскаспийского международного транспортного маршрута.

– Мы приехали в Казахстан, подписали с ҚТЖ договор по созданию совместного предприятия, которое будет заниматься развитием среднего коридора. Наша компания планирует инвестировать в логистические активы и решения, чтобы увеличить частоту движения поездов, улучшить транспортировку, уменьшить цены по перевозу именно вдоль Среднего коридора, или Транскаспийского

маршрута, – сказал региональный генеральный директор сингапурской компании PSA International PTE LTD Ван Чи Фунг.

В PSA считают, что объединение соответствующего опыта и ресурсов поможет создать бесшовную и эффективную логистическую сеть, соединяющую страны и континенты, а также позволит ҚТЖ выйти на новые рынки и зарекомендовать себя в качестве ключевого игрока на глобальной логистической арене.

Фото с сайта railways.kz

ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАЗА ДАМУДА



Мамыр айының ортасында №5144 Ляньюньган Қытай-Еуропа пойызы Қытай-Қазақстан логистикалық ынтымақтастық базасынан жолға шығып, Орталық Азия елдеріне, Қазақстан мен Өзбекстанға бет алды.

Ляньюньгандағы Қытай-Қазақстан логистикалық ынтымақтастық базасы 2014 жылы ашылған. 10 жылға жуық дамудан кейін компания мұхит магистральдарын, теңіз порттарын, ішкі навигацияны, халықаралық пойыздарды және логистикалық терминалдарды біріктіруді жүзеге асырды. Орталық Азиядан тасымалданатын тауарлардың негізгі көздері – Қазақстан мен Өзбекстанның бидайы, иірілген мақта жіп, ферроқорытпалар, калий тыңайтқыштары және басқа да өнімдер. Қазіргі уақытта жүктердің ерекше көздеріне арналған арнайы пойыздар ашылды. Қытайдан транзитпен импортталатын Қазақстанның күнделікті тұтыну тауарларының 80%-дан астамы минералды өнімдер, астық және басқа да негізгі сауда тауарлары Ляньюньган порты арқылы таратылады.

«Бұл тек бастамасы, біз барған сайын дамудамыз. Ляньюньган логистикалық базасы Орталық Азияға, тіпті Еуропа елдеріне жүктерді жеткізу үшін көптеген халықаралық компаниямен, соның ішінде қазақстандық теміржол компаниясымен ынтымақтасады. Билтыр біз агенттік қызметтерін қостық және бизнес көлеміміз өсе береді», – дейді Ляньюньган Қытай-Қазақстан халықаралық логистикалық компаниясының Қазақстан тарапы бас директорының орынбасары Азес Ескендіров.

Нұрай СӘРСЕНБАЛИ

Серіктестік

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЮДЕ

Қытай Халық Республикасы – Қазақстанның ірі сауда және стратегиялық серіктестерінің бірі. Сондықтан екі ел арасындағы ынтымақтастықты терең дамытуға айрықша мән беріліп отыр. Жақында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайға мемлекеттік сапары аясында Сиань құрғақ портында қазақстандық логистикалық орталық құрылысының онлайн іске қосу рәсіміне қатысқаны белгілі.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Ал бұл құрылыс жобасының Қазақстан үшін қандай пайдасы бар? Екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайту бағытында қандай шаруалар атқарылып жатыр деген сауалды тиісті мамандарға қойған едік.

– Қазақстан мен Қытай арасындағы жүк айналымының жыл сайынғы өсімі және дәстүрлі логистикалық тізбектерді түбегейлі қайта құру жағдайында осы жобаны іске асыру, сондай-ақ тұтастай алғанда инфрақұрылымдық қуаттарды дамыту – бүгінгі уақыт талабы. Сиань қаласындағы жаңа жүк терминалы Қытайдың негізгі жүк құраушы өңіріндегі маңызды логистикалық хабқа айнала-

тынына және елдің барлық өңірлерінен, негізгі халықаралық маршруттардан жүктерді шоғырландыруға мүмкіндік беретініне сенімдіміз. Бұл өз кезегінде жүктерді жеткізу мерзімін едәуір қысқартып, көліктік-логистикалық қызметтерді соңғы нүктеге дейін жеткізуді ұсынып, транзиттік-көліктік әлеуетке және сауда-экономикалық қатынастарды нығайтуға қосымша серпін береді. Қазақстанға да жүк тасымалын дамыту үшін қосымша инфрақұрылым қажет. Сондықтан қытайлық әріптестерімен бірге Сиань құрғақ портында логистикалық орталық салуды көздеп отыр. Бұл хаб Шэньси аймағын Қазақстанмен, Орталық Азиямен байланыстырады. Одан әрі Еуропаға, Түркияға, Иранға жол аша-

ды. Келесі жылдан бастап электронды және компьютерлік бөлшектерді, автомобильдер мен автокомпоненттерді, тоқыма, киім-кешек, аяқ киім мен керек-жарақтарды, азық-түлік және ауылшаруашылық өнімдерін, құрылыс бұйымдары мен құрылыс материалдарын, сондай-ақ руда, металдарды және химиялық өнімдерді құрғақ порт арқылы тасымалдау жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда біз жобалау алдындағы жұмыстарды жүргізіп жатырмыз және терминалды ағымдағы жылдың соңында пайдалануға беру көзделуде, – дейді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің Бейжің қаласындағы ҚХР мен Шығыс Оңтүстік Азия мемлекеттеріндегі өкілдік жетекшісі Ерік Әубәкіров.

(Жалғасы 2-бетте)

ВОСТРЕБОВАННАЯ УСЛУГА



Порядка 160 тысяч человек воспользовались возможностью передать почтовую корреспонденцию посредством услуги «Бригадирский конверт» с момента запуска проекта.

Корреспонденция принимается начальником поезда от отправителя в упакованном и запечатанном виде с указанием сведений об отправителе и получателе.

Размер конверта должен быть не более формата А4 и шириной до трех сантиметров. К перевозке допускается только бумажный носитель. Стоимость услуги – 1 000 тенге. Начальник поезда выдает квитанцию и чек. При получении конверта встречающему следует иметь при себе документ, удостоверяющий личность.

Невостребованный «Бригадирский конверт» хранится 30 рабочих дней с даты уведомления отправителя/получателя о возврате. По истечении 30 рабочих дней ответственным лицом железнодорожного участка невостребованный «Бригадирский конверт» отправляет по почте с уведомлением на указанный адрес отправителя.

Отправка или получение важных писем, договоров, счетов и другой срочной документации до сих пор востребована, поэтому национальный перевозчик рекомендует пользоваться услугой «Бригадирский конверт».

Алшур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ

МЫ РАДЫ СОТРУДНИЧАТЬ С ҚТЖ В ПРОДВИЖЕНИИ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ ИННОВАЦИЙ И МОДЕРНИЗАЦИИ ТРАНСПОРТНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ КАЗАХСТАНА. ЭТО ПАРТНЕРСТВО ЯВЛЯЕТСЯ ВАЖНЫМ ШАГОМ В НАШИХ УСИЛИЯХ ПО ПРОДВИЖЕНИЮ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ ИННОВАЦИЙ И ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ СТРАНЫ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

85%

ПЕРЕВОЗОК СОЦИАЛЬНО ЗНАЧИМЫХ ГРУЗОВ ПО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ ОСУЩЕСТВЛЯЕТСЯ ВАГОНАМИ АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС»

В ПЕРВОМ КВАРТАЛЕ 2023 ГОДА ТРАНЗИТ ГРУЗОВ ЧЕРЕЗ ТЕРРИТОРИЮ КАЗАХСТАНА ПРЕВЫСИЛ

7 млн тонн

В ХОДЕ ЧЕТЫРЕХМЕСЯЧНИКА «КОНТРОЛЬ БОКОВОЙ РАМЫ» РАБОТНИКАМИ УРАЛЬСКОГО ЭКСПЛУАТАЦИОННОГО ВАГОННОГО ДЕПО (ВЧД-3) ПРОДЕФЕКТОСКОПИРОВАНО

1145

БОКОВЫХ РАМ

ЖАЗҒЫ ТАСЫМАЛҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?



Жадыраған жаз маусымы келіп жетті. Теміржол көлігімен саяхаттаушылар қатары артып, жолаушы пойыздарына деген сұраныс күрт өсетін кезең.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Оқу жылы аяқталып, балалар каникулына, ата-аналары еңбек демалысына шығатын демалыс маусымы ұлттық тасымалдаушы – «Жолаушылар тасымалы» компаниясына үлкен жауапкершілік пен міндет жүктейді. Биылғы ахуал қандай, ұлттық тасымалдаушы тарапынан пойыздар құрамына дайындық жүргізу қай деңгейде?

Бұл ретте «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушы вагондарын жазғы тасымалға дайындау жұ-

мыстарын толық аяқтағанын хабарлайды. Ұлттық тасымалдаушы биылғы жолаушылар тасымалына 2 мыңға жуық вагон дайындап отыр. Соның ішінде тек қана «Тальго» вагондарының саны 700-ден асады, стандарт типтегі вагондар 1,1 мыңды құраса, 108 вагон – электр дизельді пойыздардың вагоны. 1 маусымға дейін Ұлттық тасымалдаушының барлық вагондары жазғы жұмыстар үшін міндетті жоспарлы дайындықтан өтіп болады.

Вагондардағы сумен жабықтау жүйесінің дұрыс жұмыс істеуі тұрғаны тексерілуде және электр



жабдықтары да қаралып, жіті тексеруден өткізілуде, ауа желдеткіші және ауа баптау жүйесін қайта іске қосу бойынша жұмыстар жүзеге асырылуда. Вагондардың 80%-ға жуығы ауа баптау жүйесімен қамтамасыз етілген. 400 вагонда ауа баптағыштар зауытта құрастырылғанда қарастырылмаған. Мұндай ва-

гондар түнгі уақытта қатынайтын пойыздарға қойылады.

Одан бөлек вагондардың тамбурларын, жылыту жүйелері құбырларын әрлеу-сырлау жұмыстары жүргізілуде. Вагон шанақтарының сырты жуылып, әрбір рейс алдында құрам залалсыздандырылады, айына бір рет дезинсекция және дератизация

жұмыстары жүргізіледі.

Пойыз бригадалары жазғы уақыттағы тасымал жұмыстарының ерекшеліктеріне қарай арнайы нұсқаулықтан өтеді. «Жолаушылар тасымалы» АҚ биылғы жазғы маусымда 4,5 млн-ға жуық жолаушыны тасымалдауды жоспарлап отыр. Ал былтыр жыл бойы Қазақстан темір жолы арқылы 14 млн-нан астам жолаушы тасымалданған болса, жаз маусымындағы үлесі 4 млн құраған.

Жазғы уақытта туристік маусымның басталуына орай ҚТЖ әйгілі демалыс орындарына қатынайтын бағдарларды дамытуға да ерекше көңіл бөліп отыр. ҚТЖ компаниясы «Қазақтуризм» ҰК» АҚ, «Атамекен» ҰКП және туристік сәла өкілдерімен бірге жазғы жолаушылар тасымалын жеткілікті құраммен қамтамасыз ету мәселесі бойынша жиындар өткізеді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ: БЫНТҮЙМАҚТАСТЫҚ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЮДЕ

(Соңы. Басы 1 бетте)

Оның айтуынша, бұл екі елдің ынтымақтастық бағытындағы бірінші жоба емес. Бұған дейін Ляньюньган портында ашылған қазақстандық-қытайлық логистикалық орталығы, «Қорғас – Шығыс қақпасы» құрғақ порты жұмыс істеп, жаңа темір жол бағыттары ашылды, ал Каспий теңізінде заманауи инфрақұрылым құрылды.

Ал «Кедентранссервис» АҚ бас директорының орынбасары Қалмұхан Тапалов, Қытай мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастардың қарқынды дамып жатқанын нақты сандармен жеткізді. Мәселен, екі ел арасындағы жүк тасымалы 2022 жылы рекордтық көрсеткішке жетіп, 23 млн тоннаны құраса, 2023 жылдың бірінші тоқсанында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 32 пайызға артып, 6,5 миллион тоннаны құраған. Ал Қытайдан жүк қабылдау 7 пайызға артып, 2,6 миллион тоннаға жетіп жығылыпты. Қытайға жүк жөнелту де 56%-ға немесе 3,8 млн тоннаға дейін өсті. Алтынкөл станциясы арқылы жүк тапсыру үш есе, яғни 1,2 миллион тоннаға дейін, қабылдау – 4 пайызға, 1,5 миллион тоннаға дейін артып отыр. Экспортқа көбінесе минералды өнімдер, металдар және химия өнеркәсібінің өнімдері шығарылып жатса, Қытай тарапынан машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппаратуралар, химия өнімдері, металдар және олардан жасалған бұйымдар импортталуда.

Мамандар сөзіне сүйенсек, отандық өнімді экспорттық тасымалды дамытуға Достық – Мойынты учаскесінде салынып жатқан екінші жол құрылысы да оң ықпал етпек. Құрылыс біткенде аталған телімнің өткізу қабілеті 5 есеге артады. Сондай-ақ үшінші Бақты өткізу бекетінің ашылуымен Бақты – Аягөз теміржол желісін салу жобасы жүзеге асырылуда, бұл да Қазақстан мен Қытай арасындағы өткізу қабілетін жылына тағы 20 миллион тонна жүкке ұлғайтуға мүмкіндік береді.

ДАЙЫНДЫҚТАРЫН ШЫҢДАДЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе



ЖАТТЫҒУ

Ақтөбе станциясында жолаушылар пойызының вагоны құрамнан ағытылды. Ал қауіпті індет жұқтырған жолаушы арнайы операциямен оқшауланып, жедел жәрдем көлігімен инфекциялық ауруханаға жөнелтілді.

Науқаспен байланыста болған жолсерік, пойыз бастығы және сол вагондағы жолаушылар да түсірілді. Осындай сценариймен жүргізілген оқу-жаттығу дабылмен басталып, арнайы киімдегі мамандар оқшауланған вагон маңына шоғырланды.



Ақтөбе станциясына жергілікті уақытпен сағат 15.50-де жеткен №33 «Алматы-Ақтөбе» жолаушылар пойызының №7 вагонында жолаушыдан аса қауіпті және карантинді инфекциялық ауруына күдікті жағдай тіркелгендігі туралы ақпарат түсті. Науқас Үндістанның Дели қаласында болған. Алматы қаласына ұшақпен келіп, Ақтөбеге қарай пойызға отырған. Науқасқа болжамды диагноз қойылғаннан кейін облыстық инфекциялық бөлімге жіберілді.

Әрине бұл оқу-жаттығу шарасы болғанымен, оған шынайы қарау керек. Себебі дәл осындай жағдай орын ала қалса, дұрыс әрекет ете білу маңызды. Яғни мамандар шеберлігі шындалады. Карантиндік қару туындаған жағдайда бірінші болып эпидемиолог, зертханашы, инфекционист-дәрігерден құралған арнайы бригада келеді. Науқасқа алғашқы медициналық көмек көрсетіледі. Кейін жедел жәрдем қызметінен ауруды оқшаулау топтары мен эпидемиологиялық бригада, ұлттық сараптамалық орталық мамандары кезегімен әрекет етуі тиіс.

Жаттығудың осындай ұйымдастыру жұмыстары Ақтөбе бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бақылауымен өтті. Оған Ақтөбе станциясы желілік полиция бөлімінің, «Әскерлендірілген теміржол күзеті» ЖШС, «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Батыс» жолаушылар тасымалы аймақтық филиалының қызметкерлері қатысты.

Суретті түсірген автор

Хабарландыру

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Ағымдағы жылдың аяғында «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық шарттың мерзімі аяқталады. Осы себепке байланысты «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» ҚБ ұжымдардан, жеке қызметкерлерден, жаңадан, 2024-2026 жылдарға жасалатын «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның еңбек ұжымы арасындағы ұжымдық шартқа ұсыныстар жиналатынын хабарлайды.

Ұсыныстарды жазбаша түрде Кәсіподаққа, келесі мекен-жайға жіберуге болады: Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі 6 немесе Срprof@railways.kz электрондық поштасына.

Ұсыныстарды хабарландыру жарияланған күннен бастап 2023 жылдың 31 тамызына дейін жіберуге болады. «Қазкөліккәсіп» ҚБ

ҚҰЖАТТАМА ТАЛАБЫ – САУАТТЫЛЫҚ



СЕМИНАР

Ерман ӘБДИЕВ, Тараз

Жиынға Астанадан арнайы келген «Жүк тасымалы» ЖШС бас менеджері Рита Енсебаева бастаған мамандар күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндама жасап, көпшіліктің сұрақтарына жауап берді. Семинар жұмысына ЗУМ арқылы байланысқа шыққан «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің бас менеджері Руслан Молдағалиев пен «ҚТЖ-ЖТ» ЖШС Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің директоры Ерлан Бурхотов станцияларда нормативтік-технологиялық құжаттарды рәсімдеу және оның жаңа технологиялар негізінде дамыту жолдарына қатысты өз ұсыныстарын білдірді. Жалпы екі күн бойы мамандар станцияларда техникалық-басқару актісін дайындау жолы мен бизнес-жоспар жобаларын, сұрыптау паркіндегі қозғалыс қауіпсіздігі нұсқаулығын орындау шаралары бойынша қызу талқы болды.

– Екі күндік іс-шарада көптеген мәселе тақыланды. Мен өз тарапымнан «Арыс-1 станциясына бұрыштамалық қосымша жол құрылысы» бизнес-жоспар жобасын ұсындым. Оның ұлттық компания үшін және еншілес компаниялар үшін тиімділігін таныстырдым. Жобаның негізгі стратегиялық мақсаты, жүзеге асқанда жүк өтімділік көлемі, экономикалық тиімділігі, жобадан күтілетін

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің ұйымдастыруымен Жамбылда екі күндік семинар өтті. Іс-шарада станциялардағы нормативтік-технологиялық құжаттама жасау және енгізу мәселесі көтерілді. Басқосуға серіктестік филиалдарының инженерлік-техникалық қызметкерлері, қозғалыс қауіпсіздігін бақылаушылар, ірі станциялар басшылары мен нормативтік-технологиялық құжаттарды рәсімдеуші мамандар қатысты.



сандық және сапалық көрсеткіш, нақты есептерді ұсындым. Жүк көлемін арттыру мақсатында бұл бизнес-жоспар жобасы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-не де берілген. Арыс-Тараз-Арыс-Сарыағаш-Арыс телімінде күрделі учаскелердің бар екенін ескерсек, ұлттық компания жұмысының тиімділігін арттыратын жаңа жобаны жүзеге асыру қажет деп санаймыз. Жалпы, бүгінгідей басқосулар жиі өтіп тұрса, бір-бірімізден үйренеріміз көп болмақ, – дейді Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі техникалық бөлімінің жетекші инженері Людмила Квон.

Семинарды қорытындылаған Рита

Әбдіжәлелқызы нормативтік-технологиялық құжаттама сауаттылығы талқыланған жиын көпшілікке пайдалы болғанына сенім білдірді. Ортақ тақырып, талқылау барысында бірталай мәселелер шешімін тапса, тиімді ұсыныстарды өндіріске енгізу уақыт еншісінде екенін жеткізді. Сонымен қатар семинарды ұйымдастырған Жамбыл бөлімшесіне алғысын айтып, Жамбыл ЖТ бөлімшесінің директоры Молдахмет Қожабековке «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Бас директоры Марлен Көкірекбаевтың Алғыс хатын тапсырды.

Суретті түсірген автор

АЙНАЛМАЛЫ ҮШТАҒАН ЖАҢАРТЫЛДЫ



ЖОЛ ЖӨНДЕУ

Белкөл станциясындағы үшбұрышты айналма жолды жаңарту жұмысы жүргізілді. Қызылорда жол дистанциясы мен Белкөл станциясы теміржолшыларының күшімен ескі айналманың пайдалануға жарамсыз рельстерінің орнына жаңа темірбетон шпалдарға бекітілген рельстер салынды.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда

Магистральдық, маневрлік тепловоздарды, қалпына келтіру пойыздарының көтергіш қрандарын және басқа жол бабын жасауға бағытталған түрлі ауқымдағы кіші механизмдердің қажеттілікке сай жұмыс жасауы үшін үшбұрышты айналманың маңызы зор. Жалпы алғанда тепловоздар мен көтергіш механизмдерді бір бағыттан екінші бір бағытқа бұрып ауыстыруға арналған бұл үшбұрышты үштаған десек те болады. Айналмалы үшбұрыш – осы техникалардың бір бағыттан екінші бір бағытқа айналырып бұруына арналған механизм. Мәселен, қалпына келтіру пойызының көтергіш қранымен жұмыс жасау қажеттілігі туындаған жағдайда осы үшбұрышпен кері бағытқа айналырып қранның бағытын өзгертуге болады. Тіпті өндірістік жұмысқа пайдаланылатын магистральдық және маневрлік тепловоздардың өзін қолданылу мерзіміне қарай бағытын



өзгертіп отыру үшін де осы үшбұрышқа қажеттілік туындайды екен.

– Белкөл бекетіндегі үшбұрышты айналманы жаңартып ауыстыру жұмысын Қызылорда жол дистанциясының жолшылары жасады. Айналма станция жолдарында салынғандықтан бекеттің теміржолшылары да жаңарту жұмыстарына атсалысуда, – деді Белкөл станциясының бастығы Кенжебек Өтегенов.

Бекеттегі жаңарту жұмысын Қызылорда жол дистанциясы мен Белкөл бекетінің теміржолшылары өз күштерімен жасағанмен, оларға көмекке салалас кәсіпорындар келді. Қызылорда электрмен жабдықтау дистанциясының, Қызылорда белгі беру және байланыс дистанцияларының теміржолшылары өздеріне тиесілі жұмысты орындаса, «Integra Construction KZ» мекемесі «Батыс» дирекциясының УК-25/18 көтергіш-төсегіш қраны ескі рельс тізбектерін алып, орнына жаңасын төсеу жұмыстарын нәтижелі атқарып шықты.

Суретті түсірген автор

ТАБЫС КӨЗІ ДЕСЕК ТЕ...

Негізгі табыс көзі мұнай тасымалы болып табылатын Атырауда тасымал көлемі бұрынғы қалпынан төмендеп бара жатқаны жасырын емес. Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша төрт айда көрсеткіштер кеміп кеткені осыны айғақтайды.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау

Айталық, жүк айналымы 997 млн ткмнетто болып 76,1%-ды құраса, жүк тиеу 1115 мың тонна болып, 77,8%-ды құраған. Әйтсе де, негізгі қызмет бойынша (тасымал арқылы) қаржылай табыс көлемі былтырғы жылы осы уақытқа қарағанда 33,4%-ға жоғары болып отыр. Бөлімшенің өндірістік-техникалық бөлім басшысы Әзиз Айжарықовтың түсіндіруінше, жоспар бойынша көрсеткіштердің межеден төмен болуына орташа жүк тиеудің және тиелген жүк вагондарының кеміп кетуі, транзиттік тасымалдың азаюы себеп. Мәселен, «Теңішевстрой», «Батыстансгрупп», «Тенгизская Транспортная Компания», «Исткомтранс», «РТС Холдинг» компаниялары тарапынан 22912 вагон /1283072 тонна пропан, бутан, мазут, кокс, сера, ксилол тиеу азайып кетті, өйткені жүктерді экспортқа тиеуге конвенциялық тыйым қойылған. Сонымен қатар ішкі-сыртқы түйіспе жолдар бойынша вагондар саны,

пойыз қабылдау да азайып кеткен.

– Теңдік, Қарабатан, Құлсары станцияларынан Новороссийск-Солтүстік Кавказ темір жолы, Азов, Луцкая Вышестеблевская С.Кавказ, ҚХР МГСП Достық-Алашанько бағытында жүк жөнелтушілерге конвенциялық тыйым қойылғандықтан Теңдік станциясынан 1188 вагон мұнай өнімдері, Құлсары станциясынан 718 вагон күкірт, Қарабатан станциясынан 180 вагон күкірт өнімі тиелмей қалып, жалпы жүк тиеу көлемін азайтқан. Сол тыйым әсерінен, экономиканың негізгі бөлігін құрайтын өңірдегі мұнай өнімдерін өндіру, оны тасымалдау көлемі, құрылыс материалдары мен халық тұтынатын, басқа да тауарлар тасымалы да қалыпты деңгейді тұрақтай алмағанын айта кеткен жөн. Соның ішінде ресурстасушылардан қара мұнай өнімдеріне деген тапсырыс бұрынғыға қарағанда төмен болғанын көреміз. Оған нарықтағы ауқымды дағдарыс, мұнай бағасының тұрақсыздығы, өнімнің болмауы және сатып алушылардың төлемқабілетсіздігі де себеп, – деп түсінік берді өндірістік-техникалық бөлім бастығы.

Сонымен қатар өңірде темір жолдарды күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр, соған орай «толаскез» алынады, кей жерлерде шпалдардың ескілігі мен (Атырау-Қиғаш) жолдың нашарлығынан жылдамдықты шектеуге тура келеді. Мұндай жағдайда жүк айналымымен қоса, жүк тиеу, жүк вагоны өнімділігі, вагонның орташа тәуліктік жүрісі, вагонның статистикалық салмағы, бір жүк операциясына вагонның тұруы, локомотив жүрісі, пойыздың учаскелік жылдамдығы, пойыздар қозғалысының техникалық жылдамдығы сынды басқа да көрсеткіштер төмендейді. Техникалық жоспарға келсек, жүк тиеу көлемі 108,3 пайызға орындалып, 299 мың тоннаға артқан. Соның ішінде вагонның орташа статистикалық салмағы 100,6%, динамикалық салмағы 100,1, жүк вагондарының тиелген вагондарға шаққандағы жүрісі 100,4%-ға орындалып, өлке теміржолшыларының тасымал көлемін арттыруға әрекеттеніп отырғанын көрсетеді.

Суретті түсірген автор



ДИАГНОСТИКА СТАНЕТ БОЛЕЕ МОБИЛЬНОЙ



ТЕХНОЛОГИИ

В АО «НК «КТЖ» прошел информационный день на тему «Переход на новую модель организации работ по дефектоскопии рельсов».



Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

В АО «НК «КТЖ» диагностика пути в части неразрушающего контроля рельсов (дефектоскопия рельсов) производится как мобильными, так и съемными средствами диагностики. В настоящее время в АО «НК «КТЖ» применяются семь единиц мобильных диагностических комплексов, один путеизмерительный вагон, один совмещенный вагон дефектоскоп,

177 двухниточных дефектоскопных тележек для сплошного контроля, 88 одностичных дефектоскопов для контроля сварных стыков и 76 для контроля стрелочных переводов. По словам главного менеджера филиала АО «НК «КТЖ» – «Центр диагностики пути» Рашида Шарапиева, сегодня в компании реализуется проект по внедрению современных мобильных диагностических лабораторий (далее – МДЛ), созданных на базе автомобиля. Уникальность МДЛ заключается в том, что он сочетает в себе

мобильность и современные технологии диагностики. К примеру, он способен передвигаться как по автодорогам, так и по рельсам. Благодаря установленному оборудованию по ультразвуковой дефектоскопии МДЛ может обнаружить различные дефекты рельсов – трещины и повреждения, а современное программное обеспечение и наличие локальной сети позволят оперативно расшифровывать и документировать результаты контроля.

В декабре минувшего года подобный МДЛ производства «Радиоавионика» (г. Санкт-Петербург) прошел испытания в границах Илецкого железнодорожного узла.

По итогам испытаний МДЛ показал положительные результаты и был рекомендован для применения на магистральной сети АО «НК «КТЖ». Общая потребность в МДЛ составляет восемь единиц.

Таким образом, реализация проекта и ввод в эксплуатацию МДЛ позволят повысить уровень безопасности движения поездов за счет повышения оперативности и скорости контроля, увеличить производительность труда в части неразрушающего контроля рельсов более чем в два раза, сократить эксплуатационные расходы на дефектоскопию рельсов за счет замены двухниточных дефектоскопных тележек на МДЛ, реализовать функцию передачи данных о дефектах рельсов с МДЛ в систему SAP TОиР.

К слову, подобные информационные дни, организованные филиалом АО «НК «КТЖ» – «Центр трансформации бизнеса», проводятся каждую пятницу. Основными спикерами выступают внутренние эксперты по разным направлениям деятельности.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ВАЖНЕЙШИЙ ПОКАЗАТЕЛЬ



БЕЗОПАСНОСТЬ

Локомотивными бригадами Алматинского эксплуатационного локомотивного депо с начала года применено 247 экстренных торможений, против 226 случаев за аналогичный период 2022 года.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Потенциально опасными участками являются перегон Алматы-1, Алматы-2, Алматы – Отар, Жетысу – Байсерке, Шелек – Жинишкеу. В депо проводится целенаправленная работа по предупреждению аварийных происшествий. Этот комплекс мер предусматривает повышение требовательности работников

на всех уровнях. Как отмечает начальник Алматинского эксплуатационного локомотивного депо Айдын Сатыбалдин, вопросы повышения профессиональной эффективности, надежности, уровня функционального состояния локомотивных бригад, а также снижения текучести кадров являются приоритетной задачей предприятия.

За четыре месяца текущего года в Книгу замечаний от алматинских машинистов поступило

3 197 рапортов, против 1 846 за аналогичный период прошлого года. Стоит также отметить, что еще имеет место несвоевременный ответ на рапорта локомотивных бригад от смежных служб. Увеличились также нарушения по данным расшифровки скоростемерных лент, где допущено 19 случаев. Тем не менее снижены нарушения сбоя в работе АЛСН на локомотивах – 342 случая.

С начала года участились наезды на скот. Всего зафиксировано 60 подобных случаев.

– Проводимая работа среди местного населения и глав крестьянских хозяйств не приносит ожидаемых результатов. Безнадзорный скот является источником повышенной опасности, создает прямую угрозу безопасности движения поездов и жизни пассажиров, – отмечает Айдын Сатыбалдин.

Все призывы железнодорожников об усилении и ужесточении мер в адрес владельцев скота, как правило, игнорируются местными акиматами.

РАБОТА НА УСИЛЕНИЕ



РЕМОНТ ПУТИ

В Астанинской дистанции пути (ПЧ-17) ведутся работы по укладке новых стрелочных переводов на железобетонном основании. Этим летом в границах дистанции планируется заменить 23 стрелки.

Любовь РОВБА,
Астана

В минувший вторник в районе горки станции Нур-Султан с применением машин Desec и «Унимат» произведена замена стрелочного перевода Р-65 на перевод на бетонных брусках. В работах в течение восьмичасового «окна» были задействованы 18 монтеров пути, дорожный мастер, начальник участка и бригады пути.

С помощью техники демонтирована старая стрелка, произведе-

дена срезка балласта, пробивка и уложен новый перевод.

– Снятый стрелочный перевод Р-65 мы переуложили в предгорном парке станции вместо старого Р-50. В свою очередь старый перевод пойдет на раскомплектовку: годные бруска используются для текущей работы, раму, остряк, крестовину кладем на деповские пути и так далее, – рассказал заместитель начальника Астанинской дистанции пути Сансызбай Беркенов. – Переводы на железобетонном основании




надежнее, ведь дерево имеет свойство гнить, а срок службы бетона достигает 50 лет. Износ металлических частей зависит от пропущенного тоннажа.

Уже сегодня, 26 мая, работники ПЧ-17 приступили к смене стрелочного перевода № 303 в районе «горбатого» моста в столице. А в понедельник планируется «окно» в зоне обслуживания поста ЭЦ-2 станции Нур-Султан.

– Станция Нур-Султан принимает поезд с четырех направлений и является очень грузонапряженной, поэтому работы по усилению пути у нас ведутся постоянно. В прошлом году на обслуживаемом участке от станции Жасыл до Анара заменили 21 стрелочный перевод, в этом году планируем обновить еще 23, – сообщил Сансызбай Беркенов.

Фото Александра ЖАБЧУКА

«САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН» СПЕШИТ НА ПОМОЩЬ



МЕДПОЕЗД

В период с 26 апреля по 22 мая лечебно-диагностический поезд «Саламатты Қазақстан» посетил 14 станций и отдаленных разъездов Алматинского региона.

Милена КАИРОВА,
Алматы

За истекший период «поликлиникой на колесах» осмотрено 8 311 жителей, в том числе 2 535 детей. Общее количество врачебных посещений составило 24 204. Врачи оказывают первичную медико-санитарную помощь, проводят консультации, выдают направление на плановую госпитализацию жителям отдаленных поселков. В медицинскую бригаду вошли 35 специалистов с клиническим опытом работы.

Более того, проведено 219 малых хирургических операций. Выявлены три случая сахарного диабета, 117 болезней системы кровообращения, глаукомы – 30, новообразований – семь.

– Каждым специалистом поезда осмотрено



большое количество пациентов, самые распространенные заболевания среди жителей отдаленных сел – астигматизм, артрит, артроз, ишемическая болезнь сердца, хронический

бронхит и артериальная гипертензия, – отмечает главный врач поезда Айнура Егинбаева.

Кроме того, на станции Достык к врачам за медицинской помощью обратились даже водитель-дальнобойщик из Беларуси.

– Очень профессиональный состав медицинской бригады не оставил меня в трудную минуту, быстро обследовали, дали необходимые рекомендации, купировали боль, и я теперь могу спокойно продолжать свой рейс, – выражая благодарность, сказал Максим Лукьянченко.

Аналогичные отзывы в адрес поезда «Саламатты Қазақстан» прозвучали от жителей поселков Лепсы, Актогай, Бесколь и Коксу. Напомним, что проект реализуется Фондом развития социальных проектов «Samruk-Kazyna Trust» от имени группы компаний АО «Самрук-Қазына» при участии Министерства здравоохранения в сотрудничестве с КФ «Фондом социальных проектов» и информационным партнером телеканалом Ilibek Joly.

В данное время поезд добрых дел курсирует по станциям и отдаленным разъездам в Восточно-Казахстанской области. До конца года «Саламатты Қазақстан» охватит 121 станцию.

Фото автора

Учения

СЛАЖЕННО И ЧЕТКО

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

В Костанайском регионе прошли пожарно-тактические учения по условному тушению огня в пассажирском вагоне.

Учения проводились с привлечением пожарного поезда станции Костанай, подразделений ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ» ДЧС Костанайской области, а также формирований звеньев гражданской защиты станции Костанай.

Как сообщил начальник негосударственной железнодорожной противопожарной службы Султан Смамбаев, по тактическому замыслу, из-за короткого замыкания электропроводки произошло задымление в пассажирском вагоне с последующим возгоранием в салоне вагона. Но самое опасное – то, что возможно нахождение в вагоне гражданских лиц. Данный факт накладывал на действия огнеборцев особую ответственность. Но профессионалы не подвели, и в такой ситуации их действия были такими же точными, быстрыми и своевременными. Благодаря чему им удалось оперативно эвакуировать пассажиров, оказать первую помощь. Одновременно локализовали очаг возгорания в вагоне, а затем ликвидировали его.

– Цель учений – отработка взаимодействия, проверка готовности формирований, привлекаемых для тушения поездов. Обучение РТП в оценке обстановки, определении решающего направления, организации тушения пожара в сложных условиях, – сообщает Султан Смамбаев.

ПОДТВЕРДИЛИ ГОТОВНОСТЬ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

В пассажирском поезде выявили большое с подозрением на холеру. Его экстренно изолировали и были вызваны спецслужбы для дальнейшего нераспространения инфекции. По такому сценарию прошли учения на станции Павлодар.

Профилактическое мероприятие организовано Павлодарским отделением управления санитарно-эпидемиологического контроля на транспорте департамента санитарно-эпидемиологического контроля МЗ РК. Цель тренировочного учения – отработка алгоритма взаимодействия заинтересованных служб по случаю выявления особо опасной и карантинной инфекции в железнодорожном пассажирском поезде. По легенде, к проводнику третьего вагона на перегоне Екнбастуз – Павлодар обратился пассажир и сообщил о том, что его попутчик жалуется на плохое самочувствие: сухость во рту, жажду, рвоту, жидкий стул, судороги в мышцах. Как рассказал больной, он возвращается с отдыха из эндемичной неблагополучной страны по холере.

– Поездная бригада в пути следования разворачивает первичные противоэпидемиологические мероприятия и передает информацию, согласно схеме оповещения, на станцию Павлодар. В соответствии с алгоритмом карантинный вагон отцепляется и после посадки эпидбригады, медицинского работника вокзала направляется на железнодорожный карантинный тупик. Туда прибывают бригада скорой медицинской помощи и инфекционист для осмотра больного и контактных лиц, после они бригадой скорой медицинской помощи госпитализируются в Павлодарскую областную инфекционную больницу. Контактные переведены в вагон-изолятор и после осмотра инфекционистом направляются под медицинское наблюдение. В очаге, где побывал больной, проведена заключительная дезинфекция, – рассказала руководитель отдела ПОУ СЭК на транспорте Анара Сарина.

В тренировочном учении также приняли участие работники Павлодарского отделения ГУ и Павлодарского отделения магистральной сети, линейный отдел полиции на станции Павлодар, военизированная железнодорожная охрана, медицинские организации управления здравоохранения Павлодарской области, филиал РТП на ПХВ «Национальный центр экспертизы». В качестве наблюдателей приглашены эпидемиологи департамента санитарно-эпидемиологического контроля Павлодарской области, главный эпидемиолог управления здравоохранения Павлодарской области.

Фото автора

Объявление

ВНИМАНИЮ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ!

В конце текущего года заканчивается действие Коллективного договора, заключенного между АО «НК «КТЖ» и его трудовым коллективом на 2021 – 2023 годы. В этой связи Общественное объединение «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» (далее – Профсоюз) объявляет о сборе предложений от работников, трудовых коллективов акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» в новый Коллективный договор на 2024-2026 годы между акционерным обществом «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» и его трудовым коллективом.

Предложения представлять в письменном виде в Профсоюз по адресу: г. Астана, ул. Д. Кунаева, 6, или на электронный адрес: сprof@railways.kz.

Сбор предложений будет производиться со дня объявления до 31 августа 2023 года.

ОО «Казпрофтранс»



СУЫҚБҰЛАҚТАН БАСТАЛҒАН ЧЕЛЛЕНДЖ

Семей ЖТ бөлімшесінің директоры Владимир Бибиченконың өкімімен Халықаралық балаларды қорғау күніне орай түрлі іс-шаралар басталды.

Еңбек ұжымдарында эмоционалды-мерекелік көңіл күй қалыптастыруды мақсат еткен шаралар легін «Жас теміржолшы» челленджі бастады. Балалар ата-аналарының рұқсатымен әрі көмегімен теміржолшы формасын киіп, желі бойындағы әкімшілік нысандарда түрлі кейіпте суретке түсіп, әлеуметтік желі арқылы жолдаулары керек. Челленджі әуелгі кезекте Суықбұлақ станциясының теміржолшылары бастады. Жексенбі күні теміржолшы формасын киген балақайлар станция ғимаратына келіп, аға-әпкелері, ата-аналары жұмыс істейтін орындармен танысты, суретке түсті. Балақайлар негізінен вагон қараушы, станция кезекшісі, жолшы, тіпті жолсерік болып киініпті. Ойын баласы болғандықтан барлығы да тез әсерленіп, өздерін нағыз теміржолшылар тәрізді ұстай білді.

Бұл жерде оларды станция басшысы, Жарма өңіріне әйгілі Тұрсынбековтер династиясының өкілі Ернұр Талғатұлы қарсы алып, теміржолшы кәсібінің әліппесімен таныстырды.

– Балалар мен олардың ата-

аналары челленджге үлкен энтузиазммен дайындалды. Қысқа мерзім ішінде арнайы формалар да тігіп алды. Айта кетерлігі, бұл балдырғандардың арасында заманындағы Түркісіб құрылысын жүргізген даңқты династиялар өкілдері де бар. Балаларды арнайы әзірленген дастарханда тәттілермен сыйладық. Балақайлар келе жатқан мерекелерін айқын сезінді дей аламыз, – дейді Ернұр.

Аталған челленджді бір демде семейлік шаруашылық ревизорлары мен бөлімше қызметкерлері іліп әкетті. Ата-аналарымен бірге олардың жұмыс орындарына келуге мүмкіндік алғанына қуанған балдырғандар тіпті арнайы қауіпсіздік желетін киіп, бағыттамалы бұрмалар басында да суретке түсті.

Айта кетерлігі сол, барлық фотосуреттер жиналып, іріктеліп, ең көркем әрі мазмұнды шыққан суреттер «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің баспа өнімдерінде, яғни күнтізбелер мен түрлі плакаттарда, т.б. пайдаланылуы мүмкін.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей
Суретті түсірген автор

100 ЖАС ЕСІМ ЖОБАСЫ – ТҮРКІСТАНДА

Мамырдың 22-26 күндері «Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ ұйымдастыруымен «100 жас есім» жобасының бірінші кезеңі Түркістан қаласында өткізілді.

Қазақстандағы «Жастар жылы» аясында іске қосылған жоба компанияның жас та дарынды қызметкерлерін жан-жақты дамытуға бағытталған, үздік жүздіктің пулына енген жеңімпаз жастар компания резервіндегі негізгі кадрлық қор болып табылады. Жас теміржолшыларды шыңдауға бағытталған жобаға еліміздің барлық аймағынан іріктеуден өткен 100 жас маман қатысуда. Бірнеше күнге созылған оқу-семинарда олар түрлі сала мамандарынан дәріс алып, бір-бірімен тәжірибе алмасуда.

Модераторлар мен ұйымдастырушылар командасы жастармен кіріспе сессияларын өткізіп, бағдарламамен таныстырған соң жиындық ресми ашылу салтанаты өтті. Қатысушыларды түгел қамтыған «Жастар бастамаларының марафоны» стратегиялық



сессиясы басталып, ол түсік үзілістен соң қайта жалғасты. Кешке түрлі интеллектуалдық ойындарға кезек берілді. Келесі күндері «Тиймді іскерлік қарым-қатынас дағдылары», «Мәселені шешу жоспарын талқылау», «Мобильнография бойынша қарқынды

практикум», «Бизнестегі тауар тасымалы» сияқты темір жол жұмысындағы ең өзекті тақырыптарға дәріс, шеберлік сабақтары өткізіліп, топтық жұмыстар мен түрлі танымдық ойындар жүргізілді. «Жүз жас есім» оқыту бағдарламасының I модулі жұмаға

дейін жалғасады.

Шымкент қаласы мен Түркістан облысынан іріктеуден өткен 4 жастың бірі Жарқын Сариев – Шымкент белгі беру және байланыс дистанциясында техникалық бөлімнің жетекші инженері. Жарқын темір жолдағы еңбек жолын 2011 жылы Көлік академиясын бітірген соң СОБ электромонтері болып бастаған. Екінші жас Назарбай Ыбышев – Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі бас маманы. Сағидулла Маденов – Шымкент ЖТ қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі жетекші инженері. Нұрсұлтан Исабеков – 2016 жылдан бері Түркістан локомотив пайдалану депосының өндірістік бөлім бастығы.

Бұл жас теміржолшылардың бәрі де болашағын таңдаған кәсіпке арнап, тәндері маған атанудан үмітті. Сол үшін тынбай оқу, іздену, өздерін жетілдіруді мақсат етеді.

Сабира БАЙЗАХОВА, Шымкент
Суретті түсірген автор

С ТЕПЛОМ И ЗАБОТОЙ



Коллектив филиала АО «НК «ҚТЖ» «Дирекция автоматизации и цифровизации» – «Отдел первой линии поддержки Караганда» провел на заслуженный отдых свою коллегу инженера-математика первой категории филиала Нину Смаль.

Нина Викторовна окончила Новосибирский политехнический техникум в 1982 году по специальности «программирование для быстродействующих математических машин». На железную дорогу она пришла в 1985 году и начала работать в новом, недавно сформированном отделе АСУС Выхислительного центра Целинной железной дороге. Она стояла у самых истоков внедрения автоматизированной системы управления сортировочной станцией и сейчас делится

своим бесценным опытом с другими. А опыт очень большой – 38 лет на стальной магистрали! Нина Викторовна участвовала во внедрении автоматизированной системы управления договорной и коммерческой работой (АСУ ДКР) в Карагандинском отделении, а также номерного учета простоя вагонов. В настоящее время она активно принимает участие в мероприятии по вводу безбумажной технологии на предприятии.

В марте 2023 года Нина Смаль



заявила третье место в конкурсе «Моя судьба – моя профессия» среди сотрудников компании АО «НК «ҚТЖ» и ее дочерних организаций за добросовестный труд, существенный вклад в по-

вышение эффективности работы и плодотворную деятельность в номинации «Вдохновить на свершения».

– Нину Викторовну мы ценим не только за ее ответственное отношение к своей работе, но и как замечательного человека. Благодаря ей мы с улыбкой и теплом вспоминаем тот «страшный период адаптации» молодого специалиста. Именно потому, что есть такие люди, как наша коллега, можно с гордостью сказать, что профессия железнодорожник – одна из самых важных на свете! Подтверждением этому служит то, что ее дочь Ольга тоже работает на железной дороге, – резюмирует председатель первичной организации филиала АО «НК «ҚТЖ» ЦДАЦ ОПЛП Караганда Наталья Чуева.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

Спорт

ШУДА ӨТКЕН ЖАРЫС

«Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС Тараз филиалы кәсіподағының ұйымдастыруымен Шу станциясында атқыштар командалары арасында шағын футболдан жарыс өтті.

Жалпы, спортты серік еткен сарбаздар белсенділігімен танымал, түрлі спорттық шараларда топ жарып жүр. Бұл жолы да дүбірлі жарыста I орын – Шу, II орын – Сарышаған, III орын – Түркісіб станцияларындағы атқыштар ко-

мандаларына бұйырды. Жеңімпаз командалар кәсіподақ тарапынан бағалы сыйлықпен марапатталды.

– Жуырда Жамбыл облысы бойынша өткен ММА жекпе-жек сайысында да Шу атқыштар командасының күзетшісі I орынды



жәнеп алды. Ал ұлттық компанияның мекемелер арасында ұйымдастырған волейбол жарысында Тараз филиалы III орынды иеленді. Сондықтан сарбаздар арасында салауатты өмір салтын

ұстанғандарды әрдайым қолдап, ынтылдандырып отырамыз, – дейді филиал кәсіподақ ұйымының төрағасы Данияр Тайбеков.

Ерман ӘБДИЕВ, Шу
Суретті түсірген автор

Жақында Алматыда өткен пара жеңіл атлетикадан Қазақстан чемпионатында теміржолшының ұлы топ жарды. Маңғыстау логистика бөлімінің бастығы Айбек Өтековтің ұлы Әлішер Құмарғалиев бірден қос медаль иемденіп, айды аспанға бір-ақ шығарды.



ӘЛІШЕРДІҢ ЖЕҢІСІ

Тірек-қимыл аппараты зақымданған жастар арасында болған бұл чемпионатта Маңғыстау құрамасында өнер көрсеткен спортшылар 4 алтын мен 1 күміс жүлде иеленген еді. Командаға соның екеуін, яғни бір алтын мен бір күміс медальді Әлішер сыйлады. Ол 100 метрді бағындыруда бірінші орын, 200 метрде екінші орынды алды. Баласының жеңісіне қуанған әкесі оның әлі талай белестерді бағындырып, биік тұғырдан көрінуіне сенетінін және өз тарапынан барлық қолдау-

көмегін жасайтынын жеткізді. Өйткені Әлішердің бойында спортшыға тән табандылық та, қайтпас қайсарлық та бар. Дайындалудан, өзін шыңдаудан жалықпайды дейді әкесі.

Иә, өзінің мүмкіндігі шектеулі болуына қарамастан мүмкіндіктің шектеусіз екенін дәлелдеп жүрген жас спортшының жетістігіне жергілікті теміржолшылар да риза болып қолдау білдіруде.

Айсұлтан АРМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор

ТОЧНО В ЦЕЛЬ!

В Павлодаре прошли соревнования по асық ату, в которых приняли участие работники Павлодарской дистанции электроснабжения, Екибастузской дистанции пути, Павлодарского отделения ГП, Павлодарского эксплуатационного локомотивного депо, Екибастузского эксплуатационного локомотивного депо и Екибастузского эксплуатационного вагонного депо.

Турнир организован структурным организатором по спорту Павлодарского филиала АО «Казпрофтранс» Натальей Мартыновой. Победителем стал монтер пути (ПЧ-30) Асылан Бейсекей, второе место занял старший осмотровик вагонов Жандос Сейтов (ВЧД-16 Екибастуз) и третье – у помощника машиниста электровоза Сағынхана Махашева (ТЧЭ-18 Павлодар). Турнир среди железнодорожников прошел в Павлодаре впервые. Победители, занявшие



первое и второе места, примут участие в Спартакиаде по летним видам спорта среди работников АО «НК «ҚТЖ», будут представлять Павлодарский регион.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото автора

ВКЛАД ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ В БАНК КРОВИ

В АО «НК «ҚТЖ» прошел День донора. Железнодорожники активно поддержали добрую акцию.

С 10.00 у специализированного автобуса на парковке административного здания АО «НК «ҚТЖ» было многолюдно. Однако к процедуре допускались только те доноры, чей уровень гемоглобина соответствовал норме. В целом процедура сдачи крови не занимает много времени – всего 15 минут. Сначала каждому донору нужно заполнить анкету и сдать анализ, определяющий группу крови и уровень гемоглобина. Следующий шаг – консультация с терапевтом.

К слову, в ходе процедуры можно было определить не только группу своей крови и резус фактор, но и на следующий день в регистратуре забрать анализы на гепатит В и С либо скачать их на официальном сайте центра.



Участие в благотворительной акции приняли 77 человек, благодаря чему донорский банк пополнился 34 650 миллилитрами крови. Многие пришли сдавать кровь не впервые. В их числе ведущий инженер филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция автоматизации и цифровизации» Гульназ Ергараева.

– Я уже четвертый год сдаю кровь. Мое состояние здоровья хорошее. Кровь обновляется. Надеюсь, что донорская кровь

железнодорожников кому-то спасет жизнь, – считает она.

По словам организаторов благотворительной акции, в соответствии со статьей 208 Кодекса РК «О здоровье народа и системе здравоохранения» донору, осуществившему донацию крови и ее компонентов на безвозмездной основе, предоставляется дополнительно один день отдыха с сохранением средней заработной платы, который может быть присоединен к ежегодному трудовому отпуску.

Напоминаем, что благотворительная акция была организована АО «НК «ҚТЖ» совместно с научно-производственным центром трансфузиологии Министерства здравоохранения РК. Ежегодно участие в ней принимают как постоянные доноры, так и новички. Всех их объединяет одна цель – спасти жизнь и подарить другим шанс на исцеление.

Руслан РАХМЕТОВ, Астана
Фото Александра ЖАБЧУКА

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Паничева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шымкент: Сабира Байзахова 8-702-509-00-43

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.